

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 02 қыркүйектегі № 412 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 қыркүйекте № 2986 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 2 қазандағы № 428 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 02.10.2014 № 428 қаулысымен. Р Қ А О ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Құрманғазы ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Құрманғазы аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау "Құрманғазы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Н.Ғ. Қалиевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н ә к і м і н і н ң
міндетін атқарушы Ж. Бектемиров

" К е л і с і л д і "

Құрманғазы аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы
----- А. Изжанов

2 қыркүйек 2014 жыл

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын

№	Елді мекеннің атауы	Орналасқан жері	Орналасу үшін нысанның атауы
1	Ганюшкин селосы	Абай көшесі, 50	"Смағұл Көшекбаев атындағы аудандық мәден үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналы кәсіпорыны" мемлекеттік кәсіпорынының алды алаңындағы ақпараттық тақта